«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

05.04.2018 ж №02-9/769

«АМАНАТ&Н» ЖШС-не
Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы
Форт-Шевченко қаласы, Астана көшесі
24/2. Тел 87014096787, amanat_n@mail.ru

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент),* Сіздің «Ақтау қалалық білім бөлімінің «№ 37 Мәншүк балабақшасы» МКҚК-ның *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан №2273371-1 санды «Күзет қызметтерін» сатып алу сатып алу бойынша электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 16.03.2018 жылғы №7800 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген уәждеріңіз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп нәтижесімен, Сіздің шағымыңзда көрсетілген мәселелер бойынша әсер етпейтін бұзушылық деректері ішінара анықталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы *(бұдан әрі - Заң)* Заңының 21-бабының 4-тармағы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» Қағидасы *(одан-әрі Қағида)* 154-тармағына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды делінген.

Сондай-ақ, Қағиданың 6-қосымшасының ескертуінің 1-тармағында егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген *қызметтердің актілері мен шот-фактураларының* электрондық көшірмелері болып табылатыны көрсетілген.

Осыған орай, «АМАНАТ&Н» ЖШС-нің біліктілік туралы мәліметінде көрсетілген қызметтердің актілері ұсынылып *шот-фактураларының ұсынбауына байланысты негізсіз* 2% шартты бағасы есептеліп негізгі есептелуге тиісті шартты бағасы 2016 жылғы ***қызметтердің актілері мен***

000160

шот-фактураларының электрондық көшірмелері ұсынғанына байланысты 0,5 шартты жеңілдік берілуі тиіс

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.
тел: 8 7292 31-90-92.